

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

**Конференция атауы:**

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

**Название конференции:**

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

**Conference name:**

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

**Жинақ / сборник:**

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

**ISBN:**

978-601-262-550-9

**Секция:**

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

**Жинақтағы жариялану нөмірі:**

№ 75

**Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:**

340 / 340-345

**Автор(лар):**

Шапих Султанбейбарыс

**Мақала атауы:**

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

УДК 343

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

**Шапих Султанбейбарыс**

Sultanbeybarys.Shapik@asu-edu.kz

Құқық қорғау қызметі бағдарламасының 2 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші, аға оқытушы - **Турдалиев К.У.**

Еліміздің Конституциясының 1-ші бабында өзін құқықтық егеменді елдеп жариялай отырып, қылмыстылықпен күресте әділ заңдарымызды қолдануды басшылыққа алады. Әрбір тіркелген, тергеліп жатырған, сотта қаралатын барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша, қылмыстылықпен күресуге қажетті қажетті заңдарымызды қолдану үшін оларды міндетті түрде саралау қажет. Өйткені саралау бойынша жасалған қылмыстық әрекеттерді сапалық түрде дәрежелеуге мүмкіндіктер жоғарлайды, сүйтіп заңдарды қолдануымызда қателіктерге жол бемеуге жағдай жасалады. Заңды жазаларды дұрыс қолдану тек қана құқық қорғау және сот органдарының беделдерін көтеріп қана қоймайды, жалпы алғанда заң шығарушы органымыз парламенттің және мемлекетіміздің беделін артыратыны сөзсіз [1].

Әділ соттылықты, заңдылықты жүзеге асыруда Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің маңызы ерекше. Қылмыстық заңымыздың 19-бабының 3-тармағында көрсетілгендей қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады. Қылмыстық заңның осы актілерінің өзі адамды қылмыстық жауапқа тарту және оны қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп табу үшін оның жасаған іс-әрекетінде белгілі бір қылмыс құрамының белгілері болуы керек екендігін және қылмыстық заңда көрсетілген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті істеу қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылатынын айқындайды (Қылмыстық кодекстің 3-бабы). Осыған ұқсас нормалар Қазақстан Республикасының қылмыстық істер жүргізу кодексінің көптеген нормаларында да бірнеше рет көрсетілген. Іс-әрекетінде қылмыстың белгілері жоқ адамдар қылмыстық жауапқа және жазаға тартылмайды.

Адамды қылмыстық жауапқа тарту оның іс-әрекетінде белгілі, нақты бір немесе бірнеше қылмыс құрамының белгілері бар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Мысалы, кісі өлтіру, бұзақылық, зорлау, т.б. Қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қайшы істелген іс-әрекетті нақты бір қылмыс құрамына жатқызу және осы әрекетке Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптар бойынша құқықтық баға беруді қылмыстық құқық теориясы қылмысты саралау – деп атайды. Қылмысты дұрыс саралау құқық қолдану органы қызметкерінің қызметтік борышы, негізгі міндеті [2].

Қоғамға қауіпті, қылмыстық құқыққа қайшы іс-әрекеттерді Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдеріндегі баптарға дәлме-дәл жатқызу, құрыс саралау – заңдылық принципін бұлжытпай жүзеге асырудың шарты болып табылады. Егер нақты бір іс-әрекетті, мысалы ұрлықты, бір сот ұрлық деп, екіншісі тонау, ал үшіншісі қарақшылық деп сараласа, бұл заңдылық жөніндегі заңдылық жөніндегі конституциялық принциптің өрескел бұзылғандығы болып саналады. Сондықтан да қылмысты дұрыс саралаудың өзі мемлекеттің жаза мәселесін қолдану саласындағы қызметтің дұрыс жүзеге асырылуының алғышарттары болып табылады. Қылмысты дұрыс сараламаудың нәтижесінде қылмысты іс-әрекетті жасаған кінәлі адамға жөнсіз жеңіл немесе ауыр жаза қолданылуы мүмкін.

Қылмысты дұрыс сараламаудың өзі қылмыстық құқықтың алға қойған басты мақсаттарының бірі жасалған іс-әрекеттерге дұрыс, әділ жаза тағайындау принципіне қайшы келеді. [3].

Істелген қылмыстың статистикалық есебін нақты белгілемейінше, ол құбылыспен тиімді күрес жүргізу мүмкін емес. Сол себепті де қылмыспен тиімді күрес жүргізу үшін оның жағдайын, сандық, сапалық көрсеткіштерін, жасалған қылмыстардың мәнін, қылмыскердің тұлғасын толық ашу қажет. Бұл мәселелерді анықтамай тұрып, қылмыспен күрес жүргізу өзінің оңды нәтижелерін бермейді. Қылмысты дұрыс саралау сот төрелігін әділ жүзеге асырудың кепілі және заңдылық, әділеттілік принциптерінің іске асырылуының басты шарты болып табылады. Құқық қорғау және құқық қорғау органдары беделінің мәртебесінің биік болуы да істелген іс-әрекетке дұрыс заңды баға беруіне де тікелей байланысты. Заңға негізделген әділ үкім сот органының беделін нығайтады.

Кінәлінің іс-әрекетін дұрыс сараламау, оның заң қорғайтын мүддесіне келтірілген зор кесел болып табылады. Іс-әрекетті дұрыс сараламау салдарынан – адамға заңға негізделмеген жаза тағайындалып қана қоймайды, ол оның тағдырына байланысты көптеген зардаптарға әкеліп соғады. Мысалы: қылмысты дұрыс сараламаған жағдайда, оған көп немесе аз жаза тағайындалуы мүмкін. Қылмысты дұрыс сараламау оған белгіленген түзеу колониясының түріне де, сондай-ақ кінәліні мерзімінен бұрын шартты жазамен босату немесе босатпауға да әсер етеді. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының Пленумдарының көптеген Қаулылары арналған. Жоғарғы Сот Пленум Қаулыларында соттардың заң талабын дәлме-дәл сөзсіз орындай отырып, жасалған іс-әрекетке заң нормаларының талабына сай баға беріп, кінәлінің іс-әрекетінде қылмыс құрамының белгілері бар ма, жоқ па, осы жағына ерекше мән беріп, заңдылық принципін ешуақытта да ауытқушылыққа жол бермеуі керек деп ескертті. [4].

Қылмыскерлікті талдауда перспективалық сипат болуға тиіс. Басқаша айтқанда, қылмыскерліктің өткен шағын көрсетумен қатар оның алдағы жағдайы да болжамдануы керек. Ол болжам қылмыскерлікпен күреске өте жүйелі, ірі тиімді күрес жасауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің жүйесін дұрыс құру қылмысты дұрыс саралауға ғана емес, сонымен бірге онымен белсенді күрес жүргізуге, оның алдын алуға, әділ жаза тағайындауға толық мүмкіндік береді. Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімі нормаларын бөлудің негізі болып - қылмыс объектісі, атап айтқанда қылмыстың топтық объектісі негіз болала алады. Топтық объект қоғамға қауіптілігі бірдей едәуір қылмыс топтарының объектісі, яғни ол өзара ұқсас қылмыстардың бір тарауға топтастырылуының негізі. Кейбір қылмыстарды топқа бөлу – топтық объект ғана емес, қылмыстың субъектісінің ерекшеліктері де ескеріледі. Мысалы, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы, әскери қылмыстар.

Қылмыстық құқықтың топтық объектісін заң шығарушы қылмыстық кодекстің қорғайтын нақты қоғамдық қатынастардың ішінен жеке бөліп алу арқылы анықтайды.

Денсаулықты қорғау конституциялық құқығы, бұл құқық дәрігерлік (медициналық)-санитарлық, медициналық-әлеуметтік көмек, дәрі-дәрмектік, ортопедиялық және протездік көмекпен қамтамасыз ету, сауықтыру мекемелерін қолдану және өзінің денсаулығы жайлы ақпарат алу сияқты азаматтың қылмыстық-құқықтық мәртебесінің бөлігі болып табылатын құқықтармен нақтыланады. [5].

Қылмыстық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылатын азаматтың құқықтары мен міндеттері заңды құқықтық фактілерге түскен азаматтармен мемлекеттік басқару органдарының қылмыстық-құқықтық қатынастары арқылы қалыптасады. Сонымен бірге қылмыстық-құқықтық мәртебесінің келесі элементі - азаматтардың бостандығы мен құқықтарының қылмыстық-құқықтық кепілдігі болып саналады. Белгілі бір шарттар мен құралдар құқықтық субъектілердің құқығын қорғауды ұйымдастыруға берілген кепілдік деп түсіндіріледі қылмыстық-құқықтық кепілдік азаматтардың құқығын тек мемлекеттік басқару саласында ғана емес, сондай-ақ басқа да қоғамдық өмірде де қорғайды. Көптеген елдерде соттан тыс азаматтардың құқығының сақталуын бақылайтын органдар бар: Мысалы, Скандинавия және басқа да бірқатар мемлекеттерде - Омбудсмендер; Францияда - Мемлекеттік Кеңес; адамдардың құқығы туралы өкілеттілік Польша мен Ресей мемлекеттерінде, ал адамдардың құқығы мәселерімен айналысатын, осындай Республикалық Комиссия Қазақстанда да құрылды. [6].

Азаматтардың өздерінің қызығушылықтарын, бостандықтары мен құқықтарын қорғаудың тәсілі - шағым түсіру құқығы болып табылады. Шағымданудың екі түрі бар: қылмыстық және соттық. Туралы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2020 жылғы 29 маусымдағы №3650-VI ҚРЗ кодексі Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығымен реттеледі. Шағымдану мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға беріледі. Шағым түскен кезден бастап 15 күн ішінде қаралып, белгілі бір шешімге келу қажет, ал талап етуші жақ бойынша шағым қосымша 1 айдың ішінде қарастырылып тексеріледі. Шағымның шешімімен азамат келіспесе, онда жоғары тұрған органға немесе лауазымды тұлғаға, сотқа қайта шағымдануға болады. Ал арнайы қылмыстық шағымдануды қарастырып, шешім қабылдау белгілі бір тәртіппен откізіледі. Мәселен, қылмыстық құқық бұзушылық ісі бойынша мемлекеттік басқару органдарына шағымданғанда онда орган мен қызмет етуші арасындағы қылмыстық құқықтық қатынас қылмыстық құқық бұзушылық туралы кодекс арқылы реттеледі [7].

Шетел азаматтарының қылмыстық-құқықтық мәртебесі әртүрлі құқықтық актілермен, соның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабымен, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық ережелері» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығымен Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты, шетел және азаматтығы жоқ тұлғалар барлық құқықтар мен бостандықтарға ие және қойылған міндеттерді атқаруға тиісті. Мемлекеттік басқару саласында Қазақстандық және шетел азаматтарының қылмыстық-құқықтық мәртебесінің, ортақ ұқсастықтарына қарамастан, Қазақстандық азаматтың құқықтары мен міндеттері шетел азаматтарына қарағанда басымырақ.

Ал шетел азаматтарының мемлекеттік басқару сапасында кейбір құқықтары шектеулі. Мәселен, олар әскери міндетін атқармайды, көптеген мемлекет аппаратындағы лауазымды орындарды иемдене алмайды, Қазақстан территориясында еркін көшіп-қонуға және саяси мақсатты көздейтін қоғамдық ұйымдар құруға құқықтары жоқ. Сондай-ақ, шетел азаматтарына қазақстандық азаматтарға тән емес, қосымша міндеттер жүктейді. Шетел азаматтары сол жерде тұруға, төл құжаттарын тіркеуге рұқсат алу керек және республика территориясына кірерде медициналық куәландырудан өтуге міндетті. Сонымен бірге Ішкі істер министрлігінен сол елдің территориясында жүріп-тұруға рұқсат алуы қажет. Шетел азаматтары да Қазақстан азаматтары сияқты қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Сондай-ақ республика территориясында белгілі бір дипломатиялық істермен жүрген шетел азаматтары

категориясының қылмыстық және құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының халықаралық келісімімен және басқа да құқықтық актілерімен белгіленеді. [8].

Бұл құқықтық актілерге тән болатын бірнеше ерекшеліктері бар. Ең алдымен мынаны атап өту керек, олар басқарушылық шешімдердің заңдық түрі болып табылады. Бұл мынаны білдіреді, атқарушы орган (лауазымды адам) осындай акт қабылдай отырып, мемлекеттік басқару аясында пайда болатын және оның құзырына жататын жалпы ортақ немесе жеке-дара мәселені шешеді.

Жәнеде қылмысты саралау үшін қолға алынатын актілердің бірі бұл Басқару құқықтық актісі болып табылады.

Басқарудың құқықтық актісі бұйрықтық құжат, бұл онда болатын нұсқамалар кімге арналса, соған заңды түрде міндетті болатынын білдіреді. Олардың орындалуы, ішінара, осы нұсқамаларды орындаудан жалтарғаны немесе дұрыс орындамағаны үшін заңдық жауапкершілік қаупімен қамтамасыз етіледі.

Басқарудың құқықтық актілерінің заңдық мазмұнына мына жәйт тән, олар мемлекеттік басқару аясында қажетті мінез-құлықтың ережелерін (қылмыстық-құқықтық нормаларды) белгілей алады немесе нақты қылмыстық-құқықтық қатынастар туғызатын заңдық айғақ рөлінде болуы мүмкін. Мәселен, министрдің немесе орталық атқарушы билік органы басшысының бұйрығы осы органға тапсырылған қызмет аясында болатын барлық органдар, лауазымды адамдар, кәсіпорындар мен мекемелер үшін міндетті болатын ережелер белгілей алады. Оның біреуді министрліктің аппаратындағы қызметке тағайындау туралы бұйрығы да нақты мемлекеттік-қызметтік құқықтық қатынас туғызады. [9].

Басқарудың кез келген түрдегі құқықтық актілері заңға тәуелді, яғни өкілетті атқарушы органдар (лауазымды адамдар) Қазақстан Республикасының Конституциясына, өзге заңнамалық актілерге сәйкес және олардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында шығара алады.

Басқарудың құқықтық актілеріне олардың жазбаша құжат түрінде шығарылатыны тән. Олардың ауызша түрі де рұқсат етіледі (мысалы, ол әскери басқару жүйесінде, сондай-ақ басшылар мен оларға тікелей бағынысты қызметкерлер арасындағы қызметтік қатынастарда кең қолданылады) [10].

Басқарудың құқықтық актілерінің ерекшелігі сол, олардың күші мемлекеттік басқару аясының өзімен ғана шектелмейді. Бірқатар жағдайларда құқықтың өзге салаларының (мысалы, қаржы, жер, экология) пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың жекелеген жақтарын регламенттейді. Олар еңбек, салық, кәсіпкерлік, ішінара азаматтық та құқық қатынастарының пайда болуына заңдық айғақ қызметін атқарады.

Қылмыстық құқықтың негізгі бөлімдерінің бірі — қылмыстық заң туралы ілім болып табылады.

Қылмыстық заң дегеніміз — Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған нормативтік құқықтық акт. Қылмыстық заң қылмыстық құқықтың қағидаттары мен жалпы ережелерін, қандай әрекеттің қылмыс екендігін айқындайды және олар үшін жаза тағайындауды белгілейді. Қылмыстық заңның міндеттері — бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, ҚК-тің 2-бабында көрсетілген басқа да құндылықтарды қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстың алдын алу болып табылады.

Қылмыстық заң — қылмыстық құқықтың негізгі қайнар көзі. Сот үкімі, ұйғарымы немесе қаулымы құқықтың көзі болып табылмайды. Олардың тек нақты қылмыстық істер бойынша ғана заңдылық күші бар.

Қылмыстық заңның уақытпен санаса отырып дамуы және толықтырылуы мемлекетке, халыққа қоғамда тәртіп сақтаумен дамып отырған заңның құқықтың қорғалуына ал ол құқықтар бұзылса олардың заңдылық принципімен қайта қалпына келетініне сенімді бола аламыз. [11].

Халықтың мәдениеті көтеріліп, санасы өскен сайын тіл қадірі де аса түсетіні белгілі . Ғылым мен мәдениеттің шарықтай өскен заманында басқа терминдер сияқты заң терминдері құрамында да көптеген өзгерістер болды: бұрынғы терминдерн құрамындағы бірқатар атаулар ескіріп, қолданудан шығып қалды, оның есесіне жаңа замандағы жаңа ұғымды білдіретін жаңа атаулар пайда болды (болыс, би, қазы, ұлық т.б. ) осы сияқты көне атаулар архаизмге айналып, кенес, сот, прокурор, қорғаушы, тергеуші т.б. сөздер осы кездегі әлеуметтік меншік пен мемлекетті қорғаушы субъектілердің мазмұнын білдіретін терминдік мәнге ие болды.

Сондай-ақ, прокурор, адвокат, заседатель, банк, бандитизм, абонимент, аванс, автономия, агент, кодекс, коллегия, контрабанда, ордер, факт, пассив, патент, полис, ратификация, реквизиция, репатриация т.б. осындай заңдық ұғымды білдіретін сөздер ана тілімізде баламасы болмағандықтан өзге тілдерден өзгеріссіз алынды.

Бұл күндері қазақ тілінің заң терминдері күрделі сөздермен де толықты. Олардың құрамы әртүрлі болып келеді:

а) шабуыл жасап тонау, қылмыстық топ, сыйға тарту келісімі, жалақы алу құқығы, жас балаларды аздыру, ерікті халық жасақтары, азаматтық хал актілері, тікелей шек қоюшылық т.б.

ә) азаматтық құқық, тәртіп сақтау батальоны, тұрмыстық, республика, завод, т.б.

б) авторлық құқық, автономиялы округ, аккредиттелген чектер, адвокаттар коллегиясы, сот коллегиясы, колхоз құқығы, коммерциялық акт, лизинг, прокат, т.б. [12].

Осы мақаланы аяқтай келе қылмыстық заңдарды саралауда, оларды топтарға бөліп дәрежелеп оларды қолданудағы тиімділігін көрсету арқылы олардың қылмысқа қарсы өзіндік орнын көрсету болып табылып отыр деп айтуға әбден болады.

Сонымен, қылмыстық әрекеттерді саралау жұмысының мақсатты бағыттылығын қамтамасыз етудің, сол мақсатты дұрыс қылмыстық жазаларды әділ бағалап тағайындау, сотталғандарды түзеуде оларды мұқият бағалаудың маңызы зор. [13]

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1ші бап- Алматы, 2024жылғы баспа;
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі Алматы, 2024жылғы баспа;
3. Аралбаев С.С. Уголовный закон и уголовные правонарушения. Учебное пособие. - Костанай: КГУ, 2018г.;
4. Бекмагамбетов А.Б.Ревин В.П.Ревина В.В. Уголовное право РК.Особенная часть. Учебник. - М: Издательский дом Академии Естествознания-2017г.
5. Бекмагамбетов А.Б.Ревин В.П.Уголовное право РК.Общая часть. Учебник. - М: Издательский дом Академии Естествознания-2017г.
6. Возняк О.А. Освобождение от уголовной ответственности в связи с изменением обстановки. Монография. - Астана: КазГЮУ, 2016г.
7. Рогов И.И. Балтабаев К.Ж.Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Учебник. — Алматы: Жеті Жарғы, 2018г;
8. Симонова Ю.И.,Шалгимбаев М.Х.,Анисимов А.Д.и др.Альбом схем по уголовному праву Республики Казахстан. Общая часть. Учебное пособие. - Костанай: Костанайская Академия МВД, 2017г.
9. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан: Учеб. пособие для юрид.фак. – Алматы: ИКФ «Фолиант», 2018г.
10. Ахметов, Е.Б. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы жобалар альбомы: құқықтану мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы / Е.Б. Ахметов.- Алматы: Отан, 2016г.
11. Когамов, М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан: Общая и Особенная части (извлечения) / М.Ч. Когамов.- Алматы: Жеті жарғы, 2015г.
12. Шаяхметов Ш.Ш., Турецкий Н.Н. Необходимая оборона . Монография. Учебное пособие. - Алматы: Норма-К, 2018.

13. Журсимбаев С.К. Правоохранительные органы Республики Казахстан. Учебник.  
– Алматы: 2018